

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің
"Аягүл" бөбекжай-балабақшасы МКҚК



«Әке көрген оқ жсонар»

Қамшы өру.



Тәрбиешілер: Шекербекова Г

Оңзарова Г

2024жыл

17.10.2024жыл

«Әке көрген оқ жонар»

Қамшы өру.

Мақсаты : Қазақ халқының өнерін дәріптеу , келешек ұрпаққа қамшы өру өнерін үйрету , өнер туындылары арқылы эстетикалық талғамын бейнелеу. Дағдыларды жаңарту , белгілі әдістердің әсерін бекіту , тапсырманы орындауға немесе білім іскерлігін жаңа жағдайға бейімдеу. Ата-анамен бірлесе отырып жұмыс жасау.

Дамытушылық: ұлыттық мақтаныш сезімін ояту , эстетикалық талғамын ұштау , өнерге ынтасын дамыту, әдемілікке , сұлулыққа , талғампаздыққа тәрбиелеу.

Тәрбиеші: балаларға өз елін, қазақтың қолөнерін құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: сапты ағаш, былғары матасы, қайшы, жіп т.б.

Қазақ халқының қолөнері, тері өңдеу және одан алынатын бұйымдар , қамшы өру.

Қамшының қолданылуы түрлері. Қамшы өру таспасы.

Халық қолөнері-дүниежүзінің әр халқының тән, бұл халық қазынасы, ғасырлар мұрасы.

Ұлыттық қолөнерінің өзіндік ерекшелікпен қалыптасуына үлкен әсерін тигізетін жайт көп ғасырларға созылған көшпелі өнер. Төрт түлік малдың етін, терісін , жүнін тіршілік қажеттілігіне жұмсай білген халқымыз бір емес бірнеше ғылым саласына іс игерген . Солардың ішінде кеңінен пайдаланған өнер туындысы –тері өңдеу мен және одан қажетті бұйымдар жасау, соның ішінде ат әбзелдерін жасау. Ат әбзелінің құрамына кіретін бұйымдардың бірі –қамшы. Қамшы –ат ,көлік ,мал айдауға арналған жабдық. Қамшы –қорғануға ,қарсыласын ұрып жығуға арналған суық қару. Қамшыгерлік-қорғана білетін және жауын жайратып салатын машық(мамандық) Қамшы –әрбір малшының қолында жүретін еңбек құралы және елеусіз құрал. Қамшыны ертеде әйелдерді босандырып алуға қолданған. Ондай қамшы –қасиетті адамдардың қамшысы болған. Ата-ана балаларға қамшының түрлерін біртіндеп атап айтты.

Қамшының түрлері:

Ат қамшы.

Шашақты қамшы.

Қасиетті қамшы.

Шыбыртқы қамшы.

Дырау қамшы.

Орама қамшы.

Дойыр қамшы.

Шолақ қамшы.

Киелі қамшы.

Ұзын қамшы.

Қамшының спортпен байланысты .Қамшы арқылы жауына қорғана алатын не жайратып салатын адамдар қамшыгер деп аталады. Қамшыгерлік тума қасиет емес.

Адам табиғатындағы тездік , ептілік, сәндік, сезімталдық , өткірлік, сәттілік сияқты ішкі қасиеттермен ұштасып жататын мамандық.

Қамшыны балаларға үйрету жолын ата-аналармен бірлесе отырып көрсету.

Қамшыны ең алдымен қалай өру керектігін балаларға үйрету. Сегіз өрімнен жасалатын қамшы өруді балаларға көрсету. Балалар зейін қойып тыңдап отырады.

Және қалай өру керектігіен өз қолдарымен жасап көреді. Алдымен қамшының сапты таяғын дайындап аламыз. Таяқтың басына былғарыдан жасалған жіптерді бекітіп аламыз . Собан кейін қалай өру керектігін түсіндіріп көрсетіп қамшыны өреміз.

Қамшы қазақ халқында әр бір үйде болуы тиіс. Қамшыны төрге немесе жоғарыға іліп қоятын болған. Қамшыны жылқы малына пайдаланатын болған. Жылқы малының үстіне балаларды отырғызғанда баланың қолына қамшыны ұстатқан .Бала қамшы арқылы малды оңға солға бағыттап ойдап жүріп отырған.Ертеде қазақ хандары бір біріне қамшыны сыйға тартқан. Қамшыны әр түрлі етіп әсемдеп өретін болған. Сапты ағашын да әсемдеп жасаған.Осылайша Әкеден балаға мұра ретінде қамшы өру мұра болып қалып отырған. Балаларға қамшы өруді ата-ана көрсетіп балалар үйрктіп отыру керек.Қазақтың бұйымдарын дәріптеп отыру керек.



Балаларға қамшы өруді үйрету, ата-анамен жұмыс.

